

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "Табиғи монополия субъектілері персоналының санын, шикізатының, материалдарының, отынының, энергиясының шығыстарын нормалау жөнінде жаңа әдістемелер әзірлеу және қолданыстағыларын қайта қарау кестесін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 қазандағы № 320-ө және "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2010 жылғы 16 қыркүйектегі № 132-ө өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 161-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің мынадай өкімдеріне өзгерістер
е н г і з і л с і н :

1) «Табиғи монополия субъектілері персоналының санын, шикізатының, материалдарының, отынының, энергиясының шығыстарын нормалау жөнінде жаңа әдістемелер әзірлеу және қолданыстағыларын қайта қарау кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 30 қазандағы № 320-ө
ө к і м і н д е :

көрсетілген өкіммен бекітілген табиғи монополия субъектілері персоналының санын, шикізатының, материалдарының, отынының, энергиясының шығыстарын нормалау жөнінде жаңа әдістемелер әзірлеу және қолданыстағыларын қайта қарау
к е с т е с і н д е :

реттік нөмірлері 30 және 31-жолдар алып тасталсын;

2) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 16 қыркүйектегі № 132-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық
а к т і л е р д і н т і з б е с і н д е :

реттік нөмірлері 82, 83-жолдардың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
«2012 жылғы желтоқсан».

Премьер-Министр

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК